ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 маусым №4712-24-00-2/1856 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

жеке кәсіпкер «OLZHA» басшысы Серикбаева Узул Махановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

Келісім шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «OLZHA» басшысы Серикбаева Узул Махановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер «OLZHA» басшысы Серикбаева Узул Махановна арасында жасақталған 28 ақпан 2024 жылғы №61 келісім шарты бұзылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «OLZHA» басшысы Серикбаева Узул

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОРАЗМАҒАНБЕТ ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ» АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ИНДУСТРИАЛДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ КММ
Кіріс № 03-02/1579
«27» 08 2024 жыл.

Махановнадан Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 35 800 (отыз бес мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1074 (бр мың жетпіс төрт) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «OLZHA» басшысы Серикбаева Узул Махановнадан мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 31 шілде 2024 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов